



# Қорғалжын Қоқиқаз мекені

Дайындаған: Нүркелді Аякөз  
Жетекшісі: Бейсенбекова Нүргүл.

Қорғалжын қорығының көлемі 258963 гектарды құрап отыр. Оның 197919 гектарын су айдыны алып жатыр.



# Қорғалжын қорығындағы Теңіз көлі



# Бояу шашып тастағандай қорық көрінісі



Теңіз тұзды көл. Оның құрамындағы тұздың мөлшері теңіз суының тұздылығынан 5-6 есе асып түседі



Африкадан Теңіз көліне дейін мыңдаған шақырым қашықтықты артта қалдырып, қанаттары талып, 50-60 мыңға тарта қоқиқаз Қорғалжын қорығына ұшып келеді



Фламинго

«Здесь, в этих зловонных местах, на палочке жаре и спящем солнце,— пишет Л. Браун,— фламинго выращивают своих птенцов...»

PPRAWEB.TU



Қоқиқаздар ұйықтауда **Фламинго спят**

Кәдімгі немесе қызғылт қоқиқаз қырлытөсті құстардың қоқиқазтектестер тобына жатады. Көктем мезгілінде бұл құс еліміздің Сарыарқа өңіріндегі Теңіз және Қорғалжын көлдеріне келеді. салмағы 3-4 килограмдай шығатын, аяғы мен мойны ұзын, басы кішілеу, шомбал тұмсығы төмен қарай иілген ірі құс





**Қоқиқазды ғажайып жанды барометр деуге болады. Егер ол көктемде жұмыртқалайтын жеріне келісімен ескі ұясын саз-балшықпен өсіріп биіктетсе — ұямды су басып кетпесін, биыл жаз жауынды болады дегені; егер ескі ұясын жай ғана жөндеп, биіктетпесе, ол — құрғақшылықтың белгісі.**



**Ұясын көлге таяу жерге, таяз суға саз-балшықтан биіктете өріп, қиық конус тәріздес етіп жасайды. Оның биіктігі 10-60 сантиметрдей болады. Ұяның ұшындағы ойысқа 1-2 жұмыртқа туып, оны мекиені мен аталағы екеуі кезектесіп басады**



# Қоқиқаз балапаны





# Топталып жүрген қоқиқаз



Фламинго


Қоқиқаз



Flamingo



Олар су өсімдіктерінің тұқымдарымен, ұсақ жәндіктермен, ұлулармен қоректенеді. Әсіресе, артемия салин деп аталатын су шаяны олардың жеңсік қорегі болып саналады. Бұл ұсақ су шаяны тұзды көлдерде болады



# Қоқиқаздың тұмсығы және аяғының ерекшелігі

deep, narrow, troughlike mandible characteristic of James' and Andean flamingos




wide, shallow-keeled mandible typical of Caribbean, greater, and Chilean flamingos



mandible in cross section



DragoArt.com





**Қанаттарын қағып ұшып бара жатқан қоқиқаздарды алыстан қарағанда алаулаған жалын тәрізді болып көрінеді. Сондықтан да оның орысша атауы – «фламинго» деген латынның «алаулаған от, жалын» деген сөзінен алынған.**



**Қазақстанның Қызыл кітабына 2010 жылы енген.  
Ол Халықаралық табиғат қорғау одағының да  
Қызыл кітабына енгізілген.**



Елімізде қызғылт қоқиқаздарды қорғау үшін 1968 жылы арнайы Қорғалжын мемлекеттік-табиғи қорығы және Торғай мемлекеттік-табиғи қорықшасы ұйымдастырылған. Қоқиқаздарды атуға мүлде тыйым салынған. Қазіргі кезде Қорғалжын табиғи қорығының атағы бүкіл әлемге танылып, 2000 жылы Бүкіләлемдік «Тірі көлдер», 2008 жылы Бүкіләлемдік табиғи мұралар тізіміне, 2012 жылы Бүкіләлемдік биосфералық қорғалымдар (резерваттар) желісіне, 2009 жылы қайтадан Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар және т.б. әлемдік деңгейдегі мәртебелерді иеленген еліміздегі бірден-бір табиғи қорық екендігін мақтаныш сезіммен айтуға болады.



Табиғатымызды қорғау біздің  
қолымызда



Назарларыңызға  
рахмет